

Тоқтабаев Т.С.

ҚР инвестициялар және даму Вице-министрі.

Қазақстан Республикасында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымын жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйесін жаңғырту (қайта құру және құрылысы) жөніндегі баяндаманың жобасы

Құрметті депутаттар!

Мемлекет тарапынан тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласына аса үлкен көңіл бөлініп отыр, оларды реформалау көптеген азаматтардың мүдделеріне объективті түрде жауап береді және саланы жаңғыртуға бағытталған бағдарламаларды іске асыру үшін айтарлықтай қаржы бөледі.

Елбасының 2015 жылғы 6 сәуірде бекіткен «Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасында жылумен, сумен қамтамасыз ету және су бұру жүйесін жаңғыртуға айтарлықтай қаржы қаражатын бөлу қарастырылған.

Мемлекеттік бағдарлама бюджеттік несие беру және қаражаттандыру арқылы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы инфрақұрылымын жылдам жаңғыртуды қарастырады.

Мемлекеттік бағдарламадағы инвестициялық жобаларды іске асыру нәтижесі бойынша 2020 жылға дейін келесі нәтижеге қол жеткізу қарастырылған:

- ✓ жылу, сумен қамтамасыз ету, су тарту желілерінің тозуын 67%-дан 53%-ға дейін түсіру және тұтынушыларға көрсетілетін қызмет сапасын жақсарту;

- ✓ мөлшерлі тариф қағидаттарын қолдану және мақтатты инвестициялық трансферттерді бюджеттік несиелермен және жеке капиталдармен алмастыру есебінен саланы коммерцияландыру процесін іске қосу;

- ✓ саланы бірыңғай техникалық стандарттарға көшіру.

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру шеңберінде, сондай-ақ бюджетке түсетін жүктемені азайту мақсатында бюджеттік несиелеу және субсидиалау механизмі қарастырылды.

Бюджеттік несиелер республикалық бюджет есебінен жергілікті атқарушы органдарға әрі қарай табиғи монополия субъектілерін несиелендіру (бұдан әрі – ТМС) үшін бөлінеді. Аталған механизмнің

негізгі мақсаты өңірлерге бөлінетін қайтарылмайтын трансферттердің қайтарылуы болып табылады.

Қаражыландырудың шарттары:

- - ЖАО үшін сыйақы мөлшері – жылдық 0,01%;
- - ТМС үшін сыйақы мөлшері – жылдық 0,02%;
- - Несиелеу мерзімі 20 жылға дейін;
- - Қаржыландыру валютасы – теңге;
- - Жеңілдік жасау мерзімі – несие алу мерзімінің 1/3.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің (2015 жылғы 3 қыркүйектегі № 740) қаулысына сәйкес «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту және дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамы Сенімді өкіл (агент) рөліне ие болды.

Қаражаттандыру шарттары келесі сызбалар бойынша іске асырылады:

- - Жобаның құнының 50%-на дейін қаражаттандыру.
- - Күрделі қаржы сыйымдылықты шығындарды қаражаттандыру, оның ішінде құрылыс-монтаждау жұмыстары, құрылғыларды, материалдарды сатып алу.
- - ТЭН, ЖСҚәзірлеуді қамтитын жобаларды техникалық сүйемелдеуді, техникалық және авторлық бақылауды іске асыруды қаражаттандыру.

Бюджеттік несиелеу механизмі арқылы.

2015 жылы Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде 29 табиғи монополия субъектісінен 60 млрд. теңгеге 92 жоба іріктеліп алынды, оның ішінде жылумен қамтамасыз ету желісі бойынша – 65, жылу көздері бойынша – 14, сумен қамтамасыз ету желісі бойынша – 7 және су тарту желілері бойынша – 6.

Жобаларды іске асыру нәтижесінде 258,8 км инженерлік желі салынып, қайта жөндеуден өткізілді.

Анықтама:

- жылумен қамтамасыз ету желісі – 185,5 км;
- сумен қамтамасыз ету және су жүргізу желісі – 73,3 км;
- 14қазандықтар;
- 3 сорғы станциялары.

2015 жылы қаржының 85% жылумен қамтамасыз ету саласындағы жобаларға бөлінді, сондықтан да желілердің тозуы 70%-дан 68%-ға дейін, 100 км апатты жағдайдағылар – 33-тен 20 бірлікке дейін қысқарды. Экономикалық тиімділік жылына 254 117 Гкалл-дынемесе 2,1

млрд. теңгені құрады.

2016 жылы соммасы 86,9 млрд. теңгені құрайтын 119 жоба іріктелініп алынды.

Анықтама:

- жылумен қамтамасыз ету желісі— соммасы 43,6млрд. теңгені құрайтын 33жоба;

- сумен қамтамасыз ету желісі – соммасы32,2 млрд. теңгені құрайтын60жоба;

- су бұру – соммасы 11,2 млрд. теңгені құрайтын26 жоба.

Жобаларды іске асыру нәтижесінде **1 733,7** км желіні салу және қайта жөндеуден өткізу жобаланып отыр, оның ішінде: жылу желілері—**107,3** км, сумен қамтамасыз ету желілері—**1 296,4** км, су бұру желілері – **330** км.

Бұдан басқа, 15 қазандық, саны 11 бірлікті құрайтын кәріз және су тазартқыштар салынады және қайта жөндеуден өткізіледі. Экономикалық тиімділігі жылына 149 811 Гкалл-ды немесе 4,8 млрд. теңгені құрайды.

2017 жылғы 1 сәуірдегі жай-күйі бойынша табиғи монополия субъектілері бөлінген қаражаттың **56,9 млрд. теңгесін немесе 65%-ын меңгерді.**

613, 6 км желі салынды және қайта жөндеуден өткізілді, олардың ішінде:

63,6 км жылумен қамтамасыз ету желісі;

440 км сумен қамтамасыз ету желісі;

110 км су тарту желісі.

Ағымдағы жылы бөлінген 48 млрд. теңгеге 103 инвестициялық жоба іріктелініп алынды.

Анықтама:

- жылумен қамтамасыз ету желісі—соммасы 20,5 млрд. теңгені құрайтын24жоба;

- сумен қамтамасыз ету желісі – соммасы 17,2 млрд. теңгені құрайтын 56жоба;

- су тарту желісі – соммасы 10,3 млрд. теңгені құрайтын 23жоба.

1190 км желіні салу және қайта жөндеуден өткізу жобалануда: оның ішінде жылу желілері бойынша – **63,3** км; сумен жабдықтау желісі бойынша – **1042,3** км және су бұру бойынша— **84,4**кмжәне **5** дана қазандықтар.

Бюджеттік субсидиялау механизмі арқылы.

2016 жылы 12 жоба іріктелініп алынды (олардың 3(үшеуі) 2017 жылы өз жалғасын табады), оларды қаражаттандырудың жалпы соммасы 2,54 млрд. теңгені құрады.

Анықтама:

- жылумен қамтамасыз ету бойынша – 1,6 млрд. теңгені құрайтын 6 жоба;

- сумен жабдықтау бойынша – соммасы 0,2 млрд. теңгені құрайтын 2 жоба;

- су тарту бойынша – соммасы 0,7 млрд. теңгені құрайтын 4 жоба.

Аталған жобаларды іске асыру нәтижесінде 16,57 км жері салынды және қайта жөндеуден өткізілді: оның ішінде жылу желілері бойынша – 4,2 км; сумен жабдықтау желісі бойынша – 3,52 км және су бұру бойынша – 8,81 км, 1 КОС кеңейту үшін жер қазу жұмыстары жүргізілді. Алдын ала жасалған болжамға сәйкес, экомоникалық тиімділігі жылына 50 мың Гкал/жыл, 50 мың м.куб немесе 301 млн. теңге.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауындағы ТКШ жаңғыртуға ХҚҰ максималды тарту бөлімін іске асыру мақсатында, сондай-ақ жылумен, сумен қамтамасыз ету және су бұру жүйесінің тозуын азайту бойынша, жылу өндіретін күштерге жөндеу жүргізу және ауысу бойынша мәселелерді шешу үшін ХҚҰ бірге іске асыруға мүмкіндік беретін **073 бюджеттік бағдарлама** жасалды «Әріптестік туралы келісім шеңбері аясында халықаралық қаржы ұйымдарымен бірге іске асырылатын, Қазақстан Республикасының тұрақты дамуына және өсуіне ықпал ететін жобаларды іске асыруды қамтамасыз ету».

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен ХҚҰ арасындағы серіктестік туралы шеңберлі келісімді іске асыру бойынша Үйлестіру кеңесінде ЕҚДБ қатысуымен Қызылорда, Семей, Өскемен, Көкшетау, Петропавл, Тараз, Қостанай, Алматы қалаларында жалпы сомасы 35 млрд. теңгені құрайтын жылумен, сумен қамтамасыз ету және су тарту жүйелерін жаңғырту бойынша жобалар мақұлданды. ҚР Үкіметінің бірлесіп қаржыландыру үлесі – 9,3 млрд. теңгені құрайды.

2015 жылы 073 бюджеттік бағдарлама шеңберінде Қызылорда облысында сумен жабдықтау және су тарту бойынша 2 жобаны іске асыруға 4,4 млрд. теңге бөлінді.

Жобаларды іске асыру нәтижесінде **4,1 км.** жылу желілері қайта жөндеуден өткізілді, екі газқұбырлы қозғалтқышқа күрделі жөндеу жүргізілді, **33** жеке жылу бекеттері орнатылды.

2016 жылы Үйлестіру кеңесі Үкіметпен бірлесіп қаржыландыруы сомасы 5,7 млрд. теңгені құрайтын жылумен, сумен қамтамасыз ету және су бұру бойынша 6 жобаны таңдап алды.

Анықтама:

- жылумен қамтамасыз ету бойынша – соммасы 1,4 млрд. теңгені құрайтын 1 жоба;

- сумен қамтамасыз ету, су бұру бойынша – соммасы 4,3 млрд. теңгені құрайтын 6 жоба.

2017 жылға 5 жобаны жалғастыру үшін, сондай-ақ 2 жаңа жобаны іске асыру үшін ұлттық қордан 3,9 млрд. теңге көлемінде мақсатты трансферттерді бөлу қарастырылған.

Аталған жобаларды іске асыру нәтижесі бойынша **11,85 км** жылумен қамтамасыз ету желісі, **65,4 км** сумен жабдықтау және су тарту желісі салынады және қайта жөндеуден өткізіледі.

ХҚҰ бірлескен жобаларды іске асыру экономика саласын жаңғырту қарқынын жылдамдатуға, олардың инвестициялық қызығушылығын арттыруға және экономика саласында қажетті құрылымдық реформаларды жүргізуге мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, қаржыландырудың мұндай сызбасын қолдану бюджетке түсетін жүктемені біртіндеп азайтуға, тариф дейңінің бірден өсуіне жол бермеуге және ТКШ саласына капитал тартудың бәсекелестік (нарықтық) механизімін енгізуге мүмкіндік береді.

Осы орайда, Үкімет Халықаралық қаржыландыру ұйымдарымен жұмыс істеу үшін барлық қажетті жағдайды жасап отыр. Жергілікті атқарушы органдарға несие қаражаттарын тартуда белсенді араласу қажет.

Қорыта айтқанда, Министрлік Бағдарламаны іске асырудың барысына тұрақты бақылау жүргізетінін, жергілікті атқарушы органдардың қаржыландыру жоспарында көрсетілген мерзімді бұзуына жол бермеу бойынша уақтылы шаралар қабылдайтынын атап өткім келеді.

Назарларыңызға рахмет!